«Келісемін»
директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Доскалиева Г.Қ__________

«Бекітемін»
мектеп директоры
Ескалиева Б.М______________

____тамыз 2022 жыл

# 2022-2023 оқу жылына арналған 8 -сыныптың тәрбие жоспары

Сынып жетекші: М.Жұмағалиева

**2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушылардың рухани- адамгершілік қасиеттерін, Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, этносаралық және мәдениетаралық байланыс жағдайында толеранттылықты және қарым – қатынас жасау біліктілігін дамыту

Тәрбиенің міндеттері:

- «Бала құқықтары туралы Конвенцияны» іске асыру;
- ҚР Конституциясын басшылыққа алып құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту, жастар арасында қатігездік пен күш көрсетуге ымырасыз болуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүре білуге, жемқорлыққа «жоқ» деп айта білуге үйрету;
- ҚР «Білім туралы заңын» іске асыру бағдарламасын жалғастыру, сапалы біліммен қамтамсыз ету;
- Президентіміз Қ.К Тоқаевтың халқына жолдауларын басшылыққа алу;
- ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырыпқазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толерантылықты нығайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этнотоптардың тілін, мәдениетін дәріптеуге үйрету;
- отбасылық құндылықтардыкеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;
- интеллектуалдық мүмкіндіктердің, дарындылық пен көшбасшылық қасиеттердің дамуына, тұлғаның ақпараттық мәдениетінің дамуына қажетті мотивациялық кеңістікті қалыптастыру;
- мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қаматамсыз ету;
- дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

**Міндеттері:**

- ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету;
- салауатты өмір сүруге тәрбиелеу,ішкілікке, есірткіге әуестенбеуіне жол бермеу;
- мемлекет заңдарын және рәміздерін білу, оған сый құрметпен қарау;
- еңбектің адам өміріндегі мәні мен маңызын түсіндіру;
- ұлдар мен қыздар арасындағы сыйластық, достық қарым-қатынасты нығайтуға және бір-бірін құрметтеуге үйрету;
- қазақ халқының ерлік, жауынгерлік тарихымен таныстыру, өз елін, жерін, қорғай алатын елжанды ұлттық намысы бар жігерлі азаматтарды тәрбиелеу;
- өзін-өзі басқару мен тәрбиелеуге дағдыландыру;
- қоршаған ортаны сүюге, оған өз үлесін қосуға тәрбиелеу;
- ұлттық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру, басқа ұлттың өкілдерін, мәдениетін, өнерін сыйлай білуге үйрету, өзара сыйластық, достық, негізінде өмір сүруіне ықпал жасау;
- Мектеп – оқушы – ата – ана байланысын нығайту.

**Нәтижесінде:**

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ интеллектуалды, білімді, жан-жақты және бәсекеге қабілетті;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген XXI ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

**Тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру»бағдарламасын іске асыру аясында жағлайындағы Тәрбиенің тұжырымдалық негіздері.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық – зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

**Міндеті:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. **Рухани –адамгершілік мәдениеті және «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын насихаттау**

**Мақсаты:** Тұлғаның Қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Мәңгілік ел рухани құндылықтарын сақтауға баулу .

**Міндеті:** Тұлғаның рухани- адамгершілік және этикалық принциптерін, оның Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. **Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Міндеті:** Тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. **Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:** Ата- аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық – педагогикалық құзіреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**Міндеті:** Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық – педагогикалық құзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым- қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**Міндеті:** Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

**6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** Білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

**Міндеті:** Көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру.

**Міндеті:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру , оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңестік орнату.

**Міндеті:** Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңестік орнату.

## ( Қыркүйек айы)

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалау қызметі** | **Сынып сағаты.(ЖЖЕ:Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі)** | диагностикалау | Ай ішінде<br>05.09 | Маниторинг жасау<br>Хаттама | МЖұмағалиева |
| 2 | Казакстандык патриотизм және азаматтык тәрбие, кукыктык тәрбие | Карты бардын казынасы бар | Әр түрлі формада | 26- кыркүйек | Акпарат, фотоотчет | МЖұмағалиева |
| 3 | Отбасы Тәрбиесі | Отбасың -алтын ұяң | Кездесу | 12 кыркүйек | Акпарат, фотоотчет | МЖұмағалиева |
| 4 | Көп мәдениетті және көркем-эстетикалык тәрбие | Табиғатты аяла | | 19 кыркүйек | Акпарат түрінде | МЖұмағалиева |
| 5 | Зияткерлік тәрбие, акпараттык мәдениетті тәрбиесі | «Ғаламтор біздің айналамызда»<br>Пікірталас сабақ | Әр түрлі формада | кыркүйек | Жұмыс жоспар | МЖұмағалиева |
| 6 | **Ата-анамен Жұмыс** | Үйлеріне бару | | | хабарлама | МЖұмағалиева |
| | | Ата-аналар комитетінің жұмысы | | | | |
| | | Ашық есік күні | | | | |
| 7 | | 5- класс аралығы | | кыркүйек | | |
| | | «Отбасы - бақыт мекені» жалпы ата- аналар жиналыстарына катыстыргу | Жиналыс | Қыркүйек | Акпарат түрінде | |

## Қазан айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | МЖұмағалиева |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Рухани-адамгершілік тәрбие | Ұстаздар мерекесі «Адал еңбек алғысым ұстазыма»(ЖЖЕ:Көлік құралдарын пайдалану ережелері) | Әр түрлі формада | 3 қазан | | МЖұмағалиева |
| 2 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | Туған жерім-қасиетті мекенім.<br><br>Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан | Дөңгелек үстел | 10 қазан<br><br>17қазан | Шығарма жазу | МЖұмағалиева |
| 3 | 1. Рухани-адамгершілік тәрбие<br>2.Еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау<br>3.Көшбасшылық қаситеттерді қалыптастыру | "25-қазан Республика күні" | | 24-қазан | Туған елге жерге деген сүйіспеншілікті арттыру | МЖұмағалиева |
| 4 | Ата-анамен жұмыс | **«Балаңызды қаншалықты тани білесіз»** | сауалнама | қазан | Бала тәрбиесінің жауапкершілігі | МЖұмағалиева |
| | | | | | | МЖұмағалиева |
| | | | | | | МЖұмағалиева |
| | | | | | | МЖұмағалиева |

## Қараша айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | Жасөспірім ,құқықбұзушылық ,жауапкершілік. | Слайд , бейнероликтер көрсету | 14-қараша | Абай Құнанбаев туралы мағлұматтар беру | МЖұмағалиева |
| 2 | Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | Ақша қайдан келеді? | Әр түрлі формада | 21 қараша | Оқушылардың құқықтық мәдениетін, балалардың заң талаптарын бұзбай, өзіне жүктелген міндеттерді орындай білуге үйрету | МЖұмағалиева |
| 3 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Дені сау адам - табиғаттың ең бағалы туындысы. Дені саудың жаны сау (ЖЖЕ:Көлік құралдарының аялдаужәне тұрақтау орындары) | Слайд, әр түрлі формада | 07-қараша<br><br>28 қараша | Денсаулықты күте білуге тәрбиелеу | МЖұмағалиева |
| 4 | Ата- анамаен жұмыс | Құқық бұзушылықтың алдын алу | Баяндама, слайд видиороликтер | қараша | Оқушылардың құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында ,ата-аналарға алдын алу шараларын ұйымдастыру | МЖұмағалиева |
| 5 | Қосымша бағдарламалар | Адам денсаулығына өрттің келтіретін зияны | Әр түрлі формада | қараша | Қауіпсіздікті сақтауды қалыптасыру | |

## Желтоксан айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | Елімнің тірегі -жастар<br><br>Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ | Әр түрлі формада | 5- Желтоксан<br><br>12-желтоксан | Қазақ хандығының құрылу тарихымен таныстыру, өз елінің өткен тарихына құрметпен карау, ынтымакка, аламгершілікке тәрбиелеу. | МЖұмағалиева |
| 2 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі | Төрлет құтты жаңа жыл | Әр түрлі формада Слайд , бейнеролик Мәлімет беру | 26-желтоксан | Окушыларды кауіпсіз интернеттен сақтау максатында ұялы телефонның пайдасымен зиянын насихаттау. | МЖұмағалиева |
| 6 | Ата-анамен жұмыс | 1-жарты жылдық корытындысы | Баяндама, хабарлама | желтоксан | Окушылардың корытынды бағаларын хабарлау | МЖұмағалиева |
| 6 | Қосымша бағдарламалар | Аман- есен жүрейік,жол тәртібін білейік.(ЖЕЕ:Интервал және аракашыктык.Қозғалыс жылдамдығы) | Слайд ,видиоролик | 19 желтоксан | | МЖұмағалиева |

## Қаңтар айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | МЖұмағалиева |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | Бүгінгі Қазақстан -сенің жетістігің | Слайд , бейнероликтер | 23 қаңтар | Оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету, жас ерекшеліктеріне сай оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Болашақта заңды құрметтейтін ҚР - ның азаматы мен азаматшаларын тәрбиелеу | МЖұмағалиева |
| 2 | 2.Еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау<br>3.Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру | Заман және біз.Интервал және арақашықтық.Қозғалыс жылдамдығы. | Слайд, видиороликтер<br>Әр түрлі формада | 16 қаңтар | Абай Құнанбаев туралы мәліметтерді баяндап , өмірдегі шығармашылығы туралы ,жеткен жетістіктері туралы оқушыларға баяндап, патриот екенін ұғындыру | МЖұмағалиева |
| 3 | Ұлттық тәрбие | Имандылық пен адамгершілік .Көлік құралдарының аялдамасы. | эссе | 09- қаңтар | Оқушыларға ұлттық ойындарды таныстыруды жалғастыру, жан - жақты қабілетті азамат тәрбиелеу, олардың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату білімін дамыту. | МЖұмағалиева |
| 4 | Қосымша бағдарламалар | Кітап біздің қазынамыз.(ЖЖЕ:Қозғалыс жол жолағы) | Әр түрлә формада | 30 қаңтар | | МЖұмағалиева |

## Ақпан айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Денсаулық-зор байлық | Әр түрлі формада | 6- ақпан | Оқушылардың мектеп мүлкіне деген жанашырлықтарын күтіп ұстау керек екенін ұғындыру | МЖұмағалиева |
| 3<br><br>4 | Рухани адамгершілік тәрбие | Дәстүрлі достығымыз берік болсын!<br><br>Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бірінші сатысы-Үш тілділік | Әр түрлі формада | 13 ақпан<br><br>20-ақпан | Балаларды достықты бағалауға кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу | МЖұмағалиева |
| 5 | Қосымша бағдарламалар | Таза ауа мен тазалықты сақтайық.(ЖЕЕ:Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі) | Видиоролик және эссе | 27-ақпан | Жол жүру ережелерінің қауіпсіздігі | МЖұмағалиева |

## Наурыз айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Отбасы тәрбиесі | «Аналар -асыл жандар.» | Әр түрлі формада | 06- наурыз | Оқушыларға ата-ананың қадір қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту | МЖұмағалиева |
| 2 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Әз Наурызым | Слайд,видиоролик | 13 наурыз | Оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу | МЖұмағалиева |
| 3 | Ата анамен жұмыс | «Отбасы деген кім» | Әр түрлі формада | Ай ішінде | | МЖұмағалиева |
| 4 | Қосымша бағдарламалар | Сынып сағаты (ЖЕЕ:Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы) | Әр түрлі формада | 27-наурыз | Қауіпсіздік шаралары | МЖұмағалиева |

## Сәуір айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұлттық тәрбие | **1-сәуір Алдар көсенің туылған күні.** | Қазақтың ұлттық ойындары | 03 сәуір | Қазақтың ұлттық ойындары туралы түсіндіру | МЖұмағалиева |
| 2 | Рухани адамгершілік тәрбие | 12-сәуір ғарышерлер күні<br><br>1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні(ЖЖЕ:Велосипедпен,мопедшілердің жолда жүру ережелері.Велосипедпен ,мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері) | Апталық тәрбие сағаты | 10- сәуір<br><br>24-сәуір | Қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру | МЖұмағалиева |
| 3 | Ата анамен жұмыс | **«Отбасындағы баланың ролі»** | сауалнама | Апта ішінде | Ата -аналар жиналысы | МЖұмағалиева |
| 4 | Қосымша бағдарламалар | Қазақстанның қызыл кітабы.(ЖЖЕ:Темір жол қиылысынан өту.Қала сыртындағыт жолдарда жүру ережелері) | хаттама | 17- сәуір | Дөңгелек үстел | МЖұмағалиева |

## Мамыр айы

| № | Тәрбие бағыттары | Шара атауы | Жұмыс мазмұны, формасы мен әдістері | Орындалу мерзімі | Нәтижесі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Отбасы тәрбиесі | Отбасы -бақыт мекені(08.05.2023 Ер-ел үшін туады.) | Әр түрлі формада Слайд видиороликтер | 15- мамыр | Ержүрек батырларымыз туралы түсініктерін кеңейту | МЖұмағалиева |
| 2 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Менің жазғы демалысым | Әр түрлі формада | 29- мамыр | Құстарға қиянат жасамау туралы ұғымдарын қалыптастыру | МЖұмағалиева |
| 3 | Ата анамен жұмыс | Ата ана жиналысы<br>Жыл қорытындысы | Сауалнама | Апта ішінде | | МЖұмағалиева |
| 4 | Қосымша бағдарламалар | Сынып сағаты.(ЖЖЕ:Қорытынды сабақ) | | 22-мамыр | | МЖұмағалиева |